

Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы орындар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі жылына екі рет, 25 маусымнан және 25 желтоқсаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. "Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 508-бет).

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

ШЕТЕЛДЕ ТҰРАТЫН ОТАНДАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ 2005-2007 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

АСТАНА, 2005 жыл

МАЗМҰНЫ

1. П а с п о р т ы
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері
- 5.1. Шетелде тұратын отандастарды қолдау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру
- 5.2. Шетелде тұратын отандастармен тығыз экономикалық қарым-қатынастар орнату үшін жағдай жасау
- 5.3. Шетелде тұратын отандастармен тұрақты негізде мәдени-гуманитарлық байланыстарды ұстау үшін жағдай жасау
- 5.4. Шетелде тұратын отандастарды ақпараттық қамтамасыз ету
- 5.5. Шетелде тұратын отандастарды Қазақстан Республикасының оқу орындарында білім алуға дайындау үшін жағдай жасау
- 5.6. Шетелдік қазақ диаспорасының бірігуіне ықпал ету
6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары

1. Паспорты

Атауы Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың
2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарламасы

Әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы
негіздеме 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006
жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру

жөніндегі іс-шаралар жоспары

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігі

Мақсаты Біртұтас қазақ ұлтының құрамдас бөлігі ретінде
шетелде тұратын отандастарды әлеуметтік-
экономикалық құқықтық қорғау мен қолдаудың
мемлекеттік жүйесін жасау

Міндеттері Шетелде тұратын отандастарды қолдау мәселелері
бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
шетелде тұратын отандастармен тығыз
экономикалық қарым-қатынастар орнату үшін
жағдай жасау;
шетелде тұратын отандастармен тұрақты негізде
мәдени-гуманитарлық байланыстарды ұстау үшін
жағдай жасау;
шетелде тұратын отандастарды ақпараттық
қамтамасыз ету;
шетелде тұратын отандастарды Қазақстан
Республикасының оқу орындарында білім алуға
дайындау үшін жағдай жасау;
шетелдік қазақ диаспорасының бірігуіне ықпал

ету

Іске асыру
мерзімі

2005-2007 жылдар

Қажетті
ресурстар және
оларды
қаржыландыру
көздері

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету
республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге
асырылады.

Республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы
көлемі - 1789773 мың теңге, оның ішінде 2005
жылы - 591589 мың теңге; 2006 жылы - 594418
мың теңге;

2007 жылы - 603766 мың теңге.

Бағдарламаны 2005-2007 жылдары қаржыландыру
үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті
қаржы жылына арналған республикалық бюджетті
калыптастыру кезінде нақтыланатын болады

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер шетелде тұратын отандастармен жан-жақты байланысты дамыту және нығайту үшін қажетті жағдай жасау.

Бағдарламаны іске асыру барысында:

- 1) шетелдегі қазақ диаспораларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекетаралық байланыстарды реттеудің құқықтық негіздерін жетілдіру (2006-2007 жылдар);
- 2) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеу (2006 жылдың екінші жартысы);
- 3) шетелде тұратын отандастар қатарынан бизнес өкілдерін Қазақстан экономикасына тарту үшін қажетті құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар қалыптастыру (2006-2007 жылдар);
- 4) әлеуметтік зерттеулер жүргізу: 2006 жылы - екі, 2007 жылы - үш зерттеу;
- 5) әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып "Шетелде тұратын отандастардың жағдайы және оларды қолдау жөніндегі шаралардың іске асырылуы" деген тақырыпта жыл сайынғы талдамалық баяндамалар дайындау;
- 6) шетелде тұратын отандастарға қазақ ұлттық мәдениет орталықтарының жұмысын ұйымдастыруға жәрдем көрсету (2005-2007 жылдар);
- 7) м ы н а д а й :
Еуропа елдерінде тұратын қазақ диаспорасының жастар өкілдері үшін өнер және спорт (2005 және 2007 жылдар), шетелде тұратын отандастардың халық шығармашылығы (2006-2007 жылдар), қазақ диаспорасы өкілдерінің қатысуымен ақындардың халықаралық мүшайрасы фестивальдарын (2005-2007 жылдар);
- 8) таяу және алыс шет елдерде Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің күндерін өткізу

(2006-2007 жылдар);

9) "Caspionet" спутниктік арнасының хабар таратуын қамтамасыз ету, Интернетте қазақ тіліндегі www.otandastar.kz web-порталын құру (2007 жыл), отандастарымыз тұратын елдерде "Туған тіл" мамандандырылған альманахын шығару мен таратуды ұйымдастыру (2005-2007 жылдар);

10) таяу және алыс шет елдердегі қазақ мектептерінің оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін жақсарту (2005-2007 жылдар);

11) шетелде тұратын отандастармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша жыл сайын он ғылыми-практикалық конференция, семинар және "дөңгелек үстел") отырыстарын өткізу;

12) Қазақтардың дүниежүзілік III құрылтайын (2005 жылы), кіші құрылтайын (2006 жылы)

өткізу жоспарланады.

2. Кіріспе

Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.5.10-тармағына сәйкес әзірленді.

Бағдарламада шетелде тұратын отандастарды қолдаудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері айқындалған, сондай-ақ оларды іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері белгіленген.

Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясында, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заңда, "Көші-қон туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында, "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 1371 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001-2010

жылдарға арналған салалық бағдарламасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттер арасындағы азаматтықты ауыстыруға және ұлттық диаспораларды дамытуға қатысты қолданыстағы халықаралық келісімдерде қамтылған.

1996 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде шетелде тұратын отандастарды қолдау Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығымен бекітілген Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. Бағдарлама іс-шаралар кешенімен ұсынылды және алты негізгі бөлімнен тұрды: ғылыми қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық база, білім беру, мәдениет, туризм және спорт, кітап шығару және бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері, ұйымдастыру шаралары.

Бағдарламаға сәйкес көші-қон процестерін реттейтін бірқатар маңызды құжаттар әзірленіп, тиісті мемлекеттердің қарауына ұсынылды, "Көші-қон туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және шетелдегі отандастарымызды қолдау мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Қазақ диаспорасының тарихи отанымен білім беру және мәдениет саласындағы рухани байланысы мәселелері практикалық тұрғыда шешіліп отырады. Таяу және алыс шет елдердегі қазақ диаспораларымен тұрақты байланыс орнату және оны қолдау жөнінде үлкен ұйымдастыру жұмысы жүргізілді.

Шетелде тұратын отандастарымызбен өзара іс-қимылдың көп қырлы мәселелері талқыланған Қазақтардың дүниежүзілік, сондай-ақ кіші құрылтайлары Қазақстанда және шетелде өткізілді.

Алайда, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығымен бекітілген Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылау жүктелген Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің қайта ұйымдастырылуымен байланысты, онда көзделген іс-шараларды жүзеге асырудың іс-қимылын дәйекті үйлестіру қамтамасыз етілмеді.

Сондықтан, бүгінгі таңда бұл салада жинақталған тәжірибе мен орын алып отырған проблемаларды ескере отырып жасалған, шетелде тұратын отандастарды қолдаудың жаңа бағдарламасын қабылдау қажеттілігі пісіп-жетілді.

Осы Бағдарлама шеңберінде шетелде тұратын отандастардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың тарихи отанына қайтып оралуына жәрдемдесу жөніндегі қызметті жүзеге асыру көзделді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Анағұрлым дамыған әлемдік диаспоралар қалыптастыру, оларға мәдени-гуманитарлық, білім беру салаларында қолдау көрсету, олардың тарихи отанына оралуына жәрдемдесу мақсатында шетелде тұратын отандастармен жан-жақты байланыс орнату дәстүрі әлемдік практикада ежелден орын алған. Мысал ретінде бүкіл әлемдегі, оның ішінде Қазақстанда тұратын өз отандастарымен тығыз байланыс жасап отырған Германия, Польша, Израиль, Оңтүстік Корея, Армения сияқты мемлекеттердің тәжірибесін келтіруге болады.

Ресей Федерациясында отандастарға қолдау көрсету мәселелері мақсаты адам мен азаматтың өзінің азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарын жүзеге асыруына, ұлттық ерекшеліктерін сақтауға қолдау көрсету болып табылатын "Ресей Федерациясының шетелдегі отандастарына қатысты мемлекеттік саясат туралы" Федералдық заңының деңгейінде реттеледі.

Біздің елімізде жасалған нормативтік құқықтық база, білім беру саласында шетелде тұратын отандастарымызды қолдаудың жолға қойылған жүйесі, атап айтқанда, жоғарғы оқу орындарына түсуге арналған квоталарды ұлғайту, сондай-ақ отандастардың тарихи отанына оралуына арналған квоталарды жыл сайын ұлғайтуға бағытталған мемлекеттің көші-қон саясаты аталмыш проблеманың мықты жақтары болып табылады. "Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына сәйкес шетелде тұратын отандастарға арналған квоталар бекітілген білім беру тапсырысының 2 процентін құрайды. Сондай-ақ, оқытуға бөлінген шығыстар да ұлғайтылды. Егер олар 2003 жылы 1 студентке 97,9 мың теңгені құраса, ал 2004 жылы 120,5 мың теңгені құрады. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыста Қазақстанның жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінде қазақ диаспорасының өкілдерін оқыту ү ш і н о р ы н д а р б ө л і н е д і .

Бүгінгі таңда әлемнің қырықтан астам елінде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері қазақ ұлты өкілдерінің жалпы санының үштен бірін немесе 4,5 млн. адамды құрайды. Олардың басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде шоғырланған.

Соңғы статистикалық деректер бойынша Өзбекстанда - 1,5 миллион, Қытайда - 1,3 миллион, Ресейде - 900 мың, Түркіменстанда - 100 мың, Монғолияда - 80 мың, Қырғызстанда - 45 мың қазақ тұрады. Біршама қазақтар Түркияда, Иранда және Ауғанстанда жинақы шоғырланған. Бірқатар Батыс Еуропа елдерінде де қ а з а қ д и а с п о р а с ы б а р .

Шетелде тұратын қазақтар біртұтас қазақ ұлтының құрамдас бөлігі болып

табылады. Олар ана тілінде сөйлейді, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтайды, Қазақстанды өзінің тарихи отаны деп санайды. Кейбір елдерде қазақтар жинақы орналасқан жерлерде қазақ диаспорасы өкілдерінің ана тілінде білім алу, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дамыту мүмкіндігіне ие, бұл оларға шетелде қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің бай қорын қалыптастыруға жағдай жасады.

Осыған қарамастан, соңғы кезде шетелде тұратын отандастарымыздың ұлттық-рухани, мәдени жағдайына байланысты көптеген проблемалар туындады. Олардың бірі - қазақтардың өздері тұратын елдердің этникалық ортасына сінуі салдарынан ана тілінен, салт-дәстүрінен, ұлттық жаратылысынан ажырау қаупі. Нәтижесінде миллиондаған этникалық қазақтар ассимиляцияға ұшырауы және қазақ ұлты үшін жоғалуы мүмкін.

Өздері тұратын елдердің білім беру жүйесіне және әрқайсында қабылданған графикаға байланысты қазақ мектептерінде оқитын қазақ диаспорасының өкілдері әр түрлі жазуды қолданады. Осыған орай, бір елде тұратын қазақтар екінші елде тұратын қазақтардың ауызша сөздерін ұққанымен, онда қалыптасқан жазбаны қабылдай алмайды. Мысалы, Қытайдағы қазақ диаспорасы араб әліпбиіне негізделген жазбаны пайдаланады. Монғолия мен Ресейде тұратын қазақтар кириллицаны қолданып, еуропалық қазақтар латин жазуына негізделген әліпбиді пайдаланады, Өзбекстан мен Түркіменстан латин жазуының ұлттық түрлеріне көшкен. Иран мен Ауғанстандағы қазақ жазбасының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұдан басқа, қазақ тілінің грамматикасы мен қазақ әдебиетінің тарихы әр елде әр түрлі оқытылуда. Соның салдарынан, шетелдерде қазақ мектептерін бітіруші, саны жыл сайын азайып келе жатқан түлектер республикамыздың оқу орындарына түсе алмайды, сондай-ақ олар тұратын елдердегі оқу орындарына түсуде қиындықтарға кездеседі.

Бұрын Қазақстанда шығарылған қазақ тіліндегі оқулықтар, көркем әдебиет, газеттер мен журналдар шетелде, әсіресе, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде тұратын отандастарымыздың мекенжайына кедергісіз жеткізілетін. Соңғы уақытта бұл процесс толық дерлік тоқтап қалды.

Шетелде тұратын отандастардың қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізу мүмкіндігі шектеулі. "Шалқар" газетінің шетелде таратылу аясы барынша тарылды, бір кездері әлемнің көптеген елдерінде хабар тарататын "Шалқар" радиобағдарламасының қызметі қалпына келтірілгеніне қарамастан, өзінің бұрынғы деңгейіне жете алмады.

Көрші Ресей, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің шекаралас аумақтарындағы отандастарымыз тұратын аудандарда Қазақ радиосының, атап айтқанда "Шалқар" мамандандырылған радиобағдарламасының мемлекеттік тілдегі бағдарламаларының таралуы, қазақ

диаспорасы жинақы орналасқан жерлерде "Қазақ елі" газетін, "Алтын бесік" журналын тұрақты шығару мен тарату бұл саладағы проблемалы мәселелер к ү й і н д е қ а л ы п о т ы р .

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері аумағында, әсіресе қазақ диаспорасының өкілдері жинақы орналасқан жерлерде қазақстандық басылымдарды, соның ішінде ресми баспасөзді тарату мәселесі әлі де өзектілігін ж о й ғ а н ж о қ .

Қазақ диаспорасының өкілдерінде Қазақстанға кіру, шекаралардан өту кезінде белгілі бір қиындықтар туындайды.

Отандастар тұратын мемлекеттермен, сондай-ақ ол мемлекеттердің Қазақстан Республикасындағы елшіліктерімен тығыз ынтымақтастық орнату жөніндегі қызмет жетілдіре түсуді талап етеді.

Дегенмен, көптеген қиыншылықтарға қарамастан қазақ диаспорасының өкілдері мен оралмандардың мүдделерін қорғау жөніндегі дәйекті жұмысты жүзеге асыру жалғастырылуда. Елімізге тұрақты тұру үшін келетін отандастарға Қазақстан Республикасының азаматтығын беру жөнінде жеңілдіктер белгіленген. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 мамырдағы Заңымен "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаментінің ақпаратына сәйкес 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін 242449 адам Қазақстанның азаматтығын алды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін оралмандардың көшіп келу квотасы жылдан жылға өсуде. Сөйтіп, 2000 жылы 500 отбасына, 2001 жылы - 600, 2002 жылы - 2655 отбасына, 2003 жылы 5000 отбасына, 2004 жылы 10000 отбасына квота бекітіліп отыр. " Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығымен оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы әрбір күнтізбелік жылға 15000 отбасына дейінгі санда белгіленген.

Оралмандардың Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрғылықты жеріне бейімделуіне бағытталған іс-шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында оралмандардың экономикалық, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық ықпалдастығының кешенді мониторингін жүргізу қажет.

Қазақстанда білім алуға ниет білдіруші қазақ диаспорасы қатарынан жастар өкілдерінің саны жыл сайын өсіп келеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша, 2002 жылы қазақ диаспорасы өкілдері мен оралмандар үшін Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 10 жоғары оқу орнында қосымша дайындық бөлімдері ашылды. Қазіргі уақытта еліміздің 15 жоғары оқу орынында дайындық бөлімшелері жұмыс істеуде.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен келісілген және 2002 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген (мемлекеттік тіркеу нөмірі 1873) Қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқуға іріктеу және жіберу тәртібі, шарттары туралы ережесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі N 334 бұйрығымен бекітілген.

Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдері үшін қазақстандық баспасөздің қол жетімділігі мәселесін ішінара шешуге "Caspionet" спутниктік телеарнасының мүмкіндіктері ықпал етеді. Қазіргі уақытта телеарна Еуропа, Орта Азия, Орта Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар таратуды жүзеге асырып келеді.

Бұдан басқа, "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1351 қаулысына сәйкес осы Келісімге қол қойылды, оның көмегімен қазақ диаспорасы жинақы орналасқан жерлерде қазақстандық хабар таратушылардың бағдарламаларын қабылдауға арналған цифрлық стандартты эфирлік қабылдағыштарын орнату мүмкін болады. Сондай-ақ, бейнелік-насихаттау сипатындағы қазақстандық теле-, радиобағдарламаларды, көркем және деректі фильмдерді, сериалдарды, өзге де бейнеөнімдерді тарату жөніндегі шаралар к е ш е н і і с к е а с ы р ы л а д ы .

Қазіргі таңда 11 елде қазақ ұлттық-мәдениет орталықтары жұмыс істейді. Олардың ішінде Өзбекстандағы, Қырғызстандағы қазақ мәдениет орталықтары, Моңғолиядағы Баян-Өлгей өңірлік қоғамы Қазақстанмен тығыз байланыста ж ұ м ы с і с т е п к е л е д і .

Қазақ мәдениет орталықтарының дені Ресейде шоғырланған. Қазақстанмен шекаралас Ресей өңірлерінің барлығында (Астрахан, Волгоград, Саратов, Самара , Орынбор, Қорған, Омбы, Новосібір, Түмен және Челябин облыстары, Алтай Республикасы және Алтай өңірі), Мәскеу, Санкт-Петербург, Екатеринбург қалаларында, сондай-ақ Татарстан, Башқұртстан, Саха және Қалмақ республикаларында қазақ ұлттық-мәдениет орталықтары бар. Сондай-ақ Стамбулдағы (Түркия) қазақтар қоғамы, Лондон (Ұлыбритания) қазақтарының қауымдастығы, Кельндегі (Германия) қазақ мәдениет орталығы қазақ мәдениетін насихаттауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруда. Австрия, Швеция, Венгрия, Украина сияқты мемлекеттерде кіші қазақ мәдениет орталықтары ж ұ м ы с і с т е й д і .

Ресейде, Қытайда, Түркияда және Еуропа елдерінде тұратын қазақтардың Қазақстанда кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға, сондай-ақ өз инвестицияларын

Қазақстан экономикасының перспективалы салаларына салуға мүмкіндіктері бар. Шетелдегі өз отандастарының экономикалық және қаржылық әлеуетін өзінің дамуы үшін жемісті пайдаланып отырған Қытайдың тәжірибесін атап өту керек.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы отандастармен жұмыс істеуде біршама тәжірибе жинақтады. Қауымдастық өзі құрылған күннен бергі он жылдың ішінде шетелде тұратын отандастармен қоғамдық өмірдің барлық салаларында қарым-қатынас орнатуға бағытталған кең іс-шаралар кешенін іске асырды. Қауымдастықтың шетелдік мемлекеттік ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен тікелей жұмыс істеуге толық мүмкіндіктері бар.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Осы Бағдарламаның мақсаты - біртұтас қазақ ұлтының құрамдас бөлігі ретінде шетелде тұратын отандастарды олардың сұраныстарын ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық қорғау, қолдау жөнінде мемлекеттік жүйе құру болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) шетелде тұратын отандастарды қолдау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

2) шетелде тұратын отандастармен тығыз экономикалық қарым-қатынас орнату үшін жағдай жасау;

3) шетелде тұратын отандастармен тұрақты негізде мәдени-гуманитарлық байланыстарды ұстау үшін жағдай жасау;

4) шетелде тұратын отандастарды ақпараттық қамтамасыз ету;

5) шетелде тұратын отандастарды Қазақстан Республикасының оқу орындарында білім алуға дайындау үшін жағдай жасау;

6) шетелдік қазақ диаспорасының бірігуіне ықпал ету.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

5.1. Шетелде тұратын отандастарды қолдау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

Шетелде тұратын отандастарға қолдау көрсетуді құқықтық реттеуді жетілдіру шетелдік отандастардың саяси, мәдени-ағартушылық, көші-қон, азаматтық, әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, олармен экономикалық және мәдени-рухани байланыстарды кеңейтуге бағытталатын болады.

Осыған байланысты мынадай іс-шараларды жүргізу көзделеді:

1) нормативтік құқықтық актілерге шетелде тұратын отандастарды қолдау

көрсетуге қатысты бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) көші-қон процестерін реттеу, таяу және алыс шет мемлекеттермен қазақ диаспораларының мәселелері бойынша екі жақты қарым-қатынастарды одан әрі дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

3) Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерімен азаматтық алу тәртібін оң а й л а т у ;

4) республиканың инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында шетелдік қазақ диаспораларының экономикалық әлеуетін қазақстандық экономикаға пайдалану мәселелерін құқықтық реттеу.

5.2. Шетелде тұратын отандастармен тығыз экономикалық қарым-қатынастар орнату үшін жағдай жасау

Шетелде тұратын отандастармен экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту ма қ с а т ы н д а :

1) шетелде тұратын отандастардың экономикалық әлеуетіне, олардың тұратын елдеріндегі әлеуметтік ұтқырлығы мен кәсіби қызметінің көрсеткіштеріне талдау жүргізу;

2) кейбір экономикалық дамыған елдердің өздерінің шетелдік отандастарымен экономикалық ынтымақтастығы бойынша тәжірибесін зерделеу ж ә н е п а й д а л а н у ;

3) қазақстандық кәсіпкерлер мен шетелде тұратын отандастар қатарындағы бизнесмендер арасында қарым-қатынастар орнатуға ықпал ету;

4) шетелде тұратын отандастардың экономикалық әлеуеті мен инвестициялық мүдделерін ескере отырып, олардың капиталдарын қатыстырып, бірлескен кәсіпорындар құруға ықпал ету қажет.

5.3. Шетелде тұратын отандастармен тұрақты негізде мәдени-гуманитарлық байланыстарды ұстау үшін жағдай жасау

Шетелдік қазақ мәдениеті - бүкіл қазақ халқының жалпыұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігі екенін ескере отырып, шетелде тұратын отандастарымыздың мәдени және рухани сұранысын қанағаттандыруға қажетті жағдай жасау ма қ с а т ы н д а , Бағдарламада :

1) жүйелі ғылыми негізде қазақ диаспорасының олардың тұрып жатқан еліндегі қалыптасу тарихын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын, мәдениет, өнер саласындағы жетістіктерін жан-жақты зерделеу;

2) қазақ диаспорасының ұлттық-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру саласындағы құқығын бұзу фактілерінің мониторингін жүргізу;

3) шетелде тұратын отандастардың этникалық болмысын сақтау және оларды

тұрып жатқан елінің этникалық ортасына қазақ халқының өкілі ретінде белсенді с і н у і ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у ;

4) шетелде тұратын отандастардың ғылыми, мәдениет және шығармашылық ұйымдарымен тұрақты қарым-қатынас ұстау;

5) тұрып жатқан елдерінде ана тілін, Қазақстан тарихын оқып үйрену, ұлттық дәстүрлерге және мәдениетке қамту үшін қажетті жағдай жасауға ықпал ету;

6) қазақ диаспорасы өкілдерінің шығармашылық әлеуетін дамытуға және оларды қазақтардың жалпыұлттық мәдениетіне кіріктіруді күшейтуге, мәдени байланыстарды жан-жақты дамытуға бағытталған фестивальдар, ақындар сайыстарын (мұшайра) және басқа да іс-шаралар ұйымдастыру;

7) қазақ диаспорасына отандастарымыз тұратын мемлекеттердің Қазақстан Республикасымен мәдени және экономикалық байланысын кеңейту мен нығайтуға қосатын үлесін ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды өткізуіне ықпал ету көзделеді.

5.4. Шетелде тұратын отандастарды ақпараттық қамтамасыз ету

Отандастарға ақпараттық қолдау көрсету, сондай-ақ оларды мемлекеттік тапсырыс шеңберінде баспа өнімдерімен қамтамасыз ету үшін мынадай шараларды іске асыруды көздеу қажет:

1) шетелде тұратын отандастардың қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуі үшін ұйымдастыру-техникалық және құқықтық ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

2) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің аумағында, әсіресе қазақ диаспорасы тығыз орналасқан жерлерде, қазақ тіліндегі баспа өнімдерін тарату мәселелерін мемлекетаралық деңгейде реттеу;

3) перспективада Азия-Тынық мұхит өңірі елдерін қамти отырып, "Caspionet" спутниктік телеарнасының хабар таратуын кеңейту;

4) дүниежүзілік желіде қазақ тіліндегі "www.otandastar.kz" web-порталын қ ұ р у ;

5) шетелде тұратын отандастарға бағдарланған арнайы баспа өнімдерін шығаруды әзірлеу және оларды тарату.

5.5. Шетелде тұратын отандастарды Қазақстан Республикасының оқу орындарында білім алуға дайындау үшін жағдай жасау

Бұл бағытты іске асыру шегінде мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

1) қазақ диаспорасы өкілдерінің қатарынан дарынды балаларды іріктеу және оларды әр түрлі үлгідегі оқу орындарының интернаттарында (гимназияларда, лицейлерде, колледждерде және басқаларда) оқыту;

2) қазақ диаспорасына білім беру саласында жәрдемдесу мәселелері бойынша семинарлар өткізу, ұсыныстар, әдістемелік әдебиеттер әзірлеу, жұмыс тәжірибесімен алмасу;

3) шет елдердегі қазақ мектептеріне оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге көмек көрсету.

5.6. Шетелдік қазақ диаспорасының бірігуіне ықпал ету

Бұл мақсатты іске асыру:

1) шетелде тұратын отандастармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қазақтардың дүниежүзілік және кіші құрылтайларын және басқа да ұйымдастыру іс-шараларын өткізуді;

2) қазақ диаспорасын дамыту, шетелдегі отандастарға қолдау көрсету мәселелері бойынша симпозиумдар, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, "дөңгелек үстел" отырыстарын өткізуді;

3) әртүрлі елдерде тұратын қазақ диаспоралары арасында қарым-қатынасты жолға қоюға ықпал етуді;

4) Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасы шеңберінде, қазақ диаспорасы өкілдерінің, оның ішінде дарынды жастардың (зияткерлік, мәдени, спорт салалары және т.б.) Қазақстанға көшуі жөніндегі практикалық мәселелерді жедел шешуді көздейді.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржылай қамтамасыз ету республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

2005-2007 жылдарға арналған Бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлемі - 1789773 мың теңге, оның ішінде 2005 жылы - 591589 мың теңге, 2006 жылы - 594418 мың теңге, 2007 жылы - 603766 мың теңгені құрайды.

Бағдарламаны 2005-2007 жылдары іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары

Бағдарламаны іске асыру шетелде тұратын отандастармен жан-жақты байланысты дамыту және нығайту үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

1) шетелдегі қазақ диаспораларымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша мемлекетаралық байланыстарды реттеудің құқықтық негіздері жетілдіріледі (2006-2007 жылдар);

2) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы халықаралық шарттардың жобалары әзірленеді (2006 жылдың екінші жартысы);

3) шетелде тұратын отандастар қатарындағы бизнес өкілдерінің Қазақстан экономикасына тартылуы үшін қажетті құқықтық және ұйымдастырушылық жағдай қалыптастырылады (2006-2007 жылдар);

4) әлеуметтік зерттеулер жүргізілетін болады: 2006 жылы - екі, 2007 жылы - үш зерттеу;

5) әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, жыл сайын "Шетелде тұратын отандастардың жағдайы және оларды қолдау іс-шараларының жүзеге асырылуы" атты тақырыпқа талдаулық баяндамалар әзірленеді;

6) шетелде тұратын отандастарға қазақ ұлттық мәдени орталықтарының жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсетіледі (2005-2007 жылдар);

7) м ы н а д а й :

Еуропа елдерінде тұратын қазақ диаспорасының жастар өкілдері үшін өнер және спорт (2005-2007 жылдар),

шетелде тұратын отандастардың халық шығармашылығы (2006-2007 жылдар),

қазақ диаспорасы өкілдерінің қатысуымен ақындардың халықаралық мүшайрасы (2005-2007 жылдар) фестивальдары өткізіледі;

8) таяу және алыс шет елдердегі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің күндері өткізіледі (2006 -2007 жылдар);

9) "Caspionet" спутниктік арнасының хабар таратуы қамтамасыз етіледі, ғаламдық Интернет желісінде қазақ тіліндегі www.otandastar.kz web-порталы құрылады (2007 жылы), отандастарымыз тұратын елдерде "Туған тіл" мамандандырылған альманахын шығару ұйымдастырылып, тарату қамтамасыз етіледі (2005-2007 жылдар);

10) таяу және алыс шетелдегі қазақ мектептерін оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету жақсартылады;

11) жыл сайын шетелде тұратын отандастармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша 10 ғылыми-практикалық конференция, семинар және "дөңгелек үстел" отырыстары өткізіледі;

12) Қазақтардың дүниежүзілік III құрылтайы (2005 жылы), кіші құрылтайы (2006 жылы) өткізілетін болады.

